

Қазақстың ақиық ақынына арналған кеш

ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында өткен сәрсенбіде қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың 84 жылдығына орай кеш болып өтті.

Кешке оқу орнының басшылығы, қызметкерлер құрамы мен 1-3 курс тыңдаушылары қатысты. Оқу орнының тыңдаушылары ақынның сөздеріне жазылған әсем әндерді шырқап, өлеңдерін нақышына келтіре оқыды. Өлең сүйер қауымға Мұқағалидың өмірі мен қызметіне арналған бейнефильмнен үзінді ұсынылды. Сонымен қатар, кеш аясында ақын ғұмыры мен шығармашылығы жайлы сыр шертетін көркем әдебиет көрмесі ұйымдастырылды.

Бүгін менің туған күнім,

Ой, пәлі-ай!

Мына адамдар неге жатыр тойламай?!

Банкет жасап берер едім өзім-ақ,

Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай! –

деп «бір кем дүниеге» әсте көңілі толмаған қалпында өмірден өткен ғажап ақынның артына қалдырған асыл мұралары оның атын ешқашан ұмыттырмақ емес, көзі тірісінде алып үлгермеген сыйы жыл өткен сайын артып, еселеніп қайтпақ. Бұны белгілі сыншы Зейнолла Серікқалиевтың: «Мұқағали мұрасы, сұлулық үлгісі – біздің бүгінгі игілігіміз ғана емес, Мұқағали мұрасы, маржан поэзиясы – болашақ ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп-қадірлейтін қазынасы» – деген сөзі растай түседі. Ал қазіргі жастардың ақын өлеңдерін жастана оқып, жатқа айтып жүргені, оның өлеңдерінің өміршеңдігіне дәлел.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, академияда Мұқағали шығармашылығына арналған мұндай игі істер жыл сайын өткізілетін болады.

Құрбанәлі Елмұратов

Академияның мемлекеттік тіл бөлімшесінің бастығы